

егемен

Қазықаспан

"Билік партиясы": әлемдік тәжірибе және қазақстандық ұстаным

Өз партиясына дауыс бермейтін... партия мүшелері

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында мемлекетіміздің берік іргесі қаланып, жаңа Қазақстан барған сайын нық сеніммен алға басып, түбегейлі жаңа кезеңге батыл қадам жасағаны баяндалды. Демократиялық реформалардың алдағы басты бағыттарының бірі ретінде саяси партиялардың рөлін, партиялық фракциялардың өкілеттігін кеңейту, саяси партияларды республикалық бюджеттен қаржыландыру ұсынылды.

Елімізде саяси партиялар күрделі жағдайда дамып келеді. “Саяси партиялар туралы” Заңда партия мүшелерінің санын елу мыңға көтергендегі мақсат саяси күштердің бытыраңқылығын болдырмау еді. Саяси сахнадан “ергежейлі” партиялар өзінен өзі кетеді деп есептелгенді. Ал шындығында партияға 200-300 мың мүше жинау қиындық туғызбады. XX ғасырдың басында ресейлік саясаттанушы В.В. Шульгин мысқылдап айтқанындай, “үш немістің басы қосылса, квартет болып ән айтады, ал енді төрт орыс жиналса, олар бес партия құрады”. Осы ауру бізге де жұққан.

Бізде аты бар да заты жоқ партиялар көбейді. Қатарында 200-ден 300 мыңға дейін мүшелері бар партияларға жиырма мыңға жуық сайлаушы ғана дауыс беретін болды. Сонда партияның қалған мүшелері бар ма? Бар болса олар неге өз партияларына дауыс бермейді?

Сондықтан бірқатар саясаттанушылар саяси партиялардың кемеліне келмегендігін орынды алға тартады. Оның себебін бұқараның социализмнен кейін партиялардың бар-жоғына бей-жай қарайтындығымен түсіндіреді. Бұл уәж сын көтермейді. Мысалы, Белоруссияға персоналистік авторитарлық жүйе орнады, билік партиясы жоқ. Украина түрлі-түсті революцияны басынан кешіріп отыр, бірте-бірте бәсекелестік партия жүйесіне өтуі мүмкін. Ресей Федерациясында басымдық билік партиясына беріліп отыр.

Ал саясаттанушылардың басым көпшілігі еліміздегі партиялық жүйенің өз ерекшеліктері барлығын, “Нұр Отан” партиясының мемлекетіміздегі жетекші рөлі қажеттіліктен туғанын айтады. Енді біреулер бұл моноцентристік, бір партиялық жүйеге беталыс деп те санайды. Бұл партиялардың жүйелі жұмысы жөнінде ой бөлісіп, пікір алысатын мәселелер баршылығын, уақыт та соны талап етіп отырғандығын көрсетеді.

Постсоциалистік Еуропа елдерінде де тұрақты партиялық жүйе әлі қалыптаса алмай жатыр, бір партиялар өмірге келіп, біреулері тарап кетеді. Ал Шығыс Еуропаның кейбір елдерінде социализмге дейін көппартиялық жүйе қалыптасқан. Польша, Чехословакия, Венгрия, Балтық жағалауындағы елдерде екінші дүниежүзілік соғыс алдында

социал-демократиялық, либералдық, басқа да партиялар болған. Коммунистік жүйе күйрегеннен кейін олар қайтадан өмірге келді. Егер тарихи тәжірибеге көз жіберсек, саяси партиялардың Еуропада 150 жылдан астам уақыт бұрын пайда болғанын, олардың қалыптасуы саяси қайшылықтарға толы екенін көреміз. Еуропада партиялар беделді азаматтардың атқарушы билікті қалыптастыру барысында саяси келісім қажеттілігінен туындаған. Саяси элиталық топтардың бәсекелестігі мемлекеттің бағыт-бағдарын анықтауға ықпал еткен. Сол сұраныстан өмірге саяси партиялар келген. М.Вебер оларды “құрметті адамдардың ұйымы” деп атаған: беделді адамдар партиялық топтар құрып, парламентке сайланған. Англияда парламентте басым дауыс алу үшін министрлер депутаттардың дауысын сатып алуға дейін барған. Әр депутаттың өз саяси салмағына қарай бағасы болған, оны бір терезеден барып әр депутат біліп те отырған. Өзіне лауазымды жұмыс алу үшін, болмаса керек адамын өткізу үшін депутаттың өзін де, сөзін де сатып алуға тырысқан. Парламентаризм осылай жемқорлықтан басталған. Демократиядан, әділдіктен аулақ топтардың бәсекелестігі алғашқы партияларды бай топтардың мүддесін қорғаушы күшке айналдырған. Бірте-бірте саясат бұқаралық сипат алған тұста партиялар мемлекеттік билікті демократияландыруға атсалыса бастайды. Бүгінгі күні әділ сайлау, тәуелсіз БАҚ-пен бірге саяси партиялар да демократияның маңызды тірегіне айналды. Бүгін бізде де дамыған демократияны саяси партияларсыз елестету қиын. Олар халықты саясатқа жұмылдырудың тиімді құралы болады. Биліктің тұтастығы мен тармақтарға бөлінуі, олардың бір-бірімен бәсекелестікте болуы саяси партиялардың өріс алуына негіз қалады. Саяси бәсекелестік парламенттердің кемелденуіне, азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет жетілуімен өзара тығыз байланыста, ықпалдастықта өрбіді.

“Билік партиялары” — әлемдік феномен

Саяси әдебиетте “билік партиясы” деп парламентте басымдығы бар, заң шығару ісіне ықпалы зор, атқарушы билікті қолдайтын саяси ұйымдарды атайды. Көптеген мемлекеттерде ХХ ғасырда елді саяси, ұлттық, таптық, діни жіктерге бөліп, мемлекеттің тұтастығына қауіп төндірген жағдайлар аз болмаған. Кейбір саяси қайраткерлер барлық әлеуметтік топтардың мүддесін қорғайтын партия ұйымдастыруға тырысқанымен, әртекті, көптілді, көпдінді жұрттың басын қоса алмаған жағдайлар жиі кездеседі. Айналып келгенде, ел ымыраға келмейтін жіктерге, әлеуметтік топтарға бөлініп, жалпыұлттық мүдде тасада қалған. Бір шаңырақтың астында әртүрлі, тіпті қарама-қайшы мүдделерді тоғыстыру үлкен саяси шеберлікті талап ететіні белгілі. Сондықтан биліктегі топтар парламентте әлеуетті күшке ие, елдің ауызбірлігін қолдайтын “билік партияларын” құрады. Ондай партиялар әдейі жасалған партиялар емес, бұрын құрылған саяси партиялардың

негізінде пайда болғандар.

Кейде диктатура орнату мақсатында да “билік партиясын” орнатып, бір партияға елді табындырған жағдайларды да басымыздан кешірдік. Батыс ғалымдарының пайымдауынша, XX ғасырдың бірінші жартысында Еуропаның көптеген елдері “билік партияларын” парламент сайлауларына әсер ете отырып, өз мүдделеріне қызмет жасатты, әртүрлі саяси идеологиялық бағыттағы топтардың басын қосып, жеке мүдделерден мемлекеттік идеологияны жоғары қойды. Мұндай партияның көлеңкелі жақтары да болды. “Билік партиялары” қатарында оның көсемдеріне еліктеушілер, лауазымды жұмыс алам деп есептеушілер де аз болмаған. Бірқатар елдерде олар тұрақты билікке қол жеткізіп, елді әділдікке бастаса, кейбір елдерде олар демократиядан алшақтап кеткен.

1978 жылы Филиппинде сайлау алдында құрылған “билік партиясы” партиядан гөрі, мемлекеттің бақылауындағы сайлаушылардың дауысын сатып алатын әкімшілік бюрократия мен армияның ұйымы болды. Ал Египетте А.Насердің 70-ші жылдардағы Араб социалистік одағының мүрагері Ұлттық демократиялық партиясы болды. Солшыл интеллигенттер мен саясаттанған офицерлердің орнына басымдыққа ие партияға жоғары лауазымды шенеуніктер, әскерилер мен кәсіпкерлер келді. Ол дербес саяси партиядан гөрі, үкіметтің жалғасы сияқты әсер қалдырды.

Жалпы “билік партияларының” көпшілігі тәуелсіздік алған Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінде пайда болған. Оларды құру қажеттігі жас мемлекеттің басын біріктіру, саяси шиеленістер мен тұрақсыздықтың алдын алу мақсатынан туды. Сондай-ақ бір партияның басымдығы Франция, Үндістан, Жапония сияқты елдерде де орын алды. Бұл елдерде үстем партия саяси тұрақтылықтың нығаюына, күшеюіне қызмет жасады. Францияда ондай партия екінші дүниежүзілік соғыстан кейін мемлекеттік құрылым алмасып, Алжирдің тәуелсіздік алуына байланысты дағдарыс кезінде президент де Голль тұсында өмірге келді. Үндістанның Ұлттық конгресс партиясы ел тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа саяси жүйені қалыптастырушы күшке айналды. Жапонияның Либералдық-демократиялық партиясы 1955 жылдан билік басында. Оккупациядан кейін демократиялық басқару жүйесінің даму барысында екі оңшыл партияның бірігуінен пайда болды. Ол – дамыған капиталистік мемлекетте ұзақ жылдар бойы үстемдік еткен билік партиясы. Ол қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтарды реттеу, өндірістік демократияны дамыту, бұқараның еңбек етуіне қолайлы жағдай жасау мен тұрмысын жақсартуға өз үлесін қосқан партия болып танылды. Осы мәселелер төңірегінде партия ішінде топтар (фракциялар) талай айтысты да, ал сырт көзге ол демократиялық бәсекелестік болып көрінді, халықты сонысымен қызықтырып, ойынан шықты. Пікірталастар талай үкіметті отставкаға да жіберді, парламентті де таратты, бірақ саяси айқастар елдің ұлттық

бірлігін әлсіретуге, стратегиялық бағытын өзгертуге жібермеді. “Билік партиялары” басым болған елдерде партиялық жүйе партияаралық бәсекелестіктен гөрі сол партиялардың үстемдігіне қарай ойыса беруге бейім болды. Сондықтан бір партияның басымдығы сөзсіз әртүрлі ой салады. Бұл партиялар билікте бір-бірін ауыстыратын либералдық демократияға жетелейтін көпір ме, әлде бір партияның үстемдігіне негізделген авторитаризмге апаратын жол ма? – деген орынды сауалдар қай елде де қойылған. Мысалы, де Голльдің тұсында Францияда билік жеке басқа негізделген, Франция президенттік республика емес, “президенттік монархия” деген сын жиі айтылған. Бұл сауалға жауап партия басымдылығының қандай идеологиялық, саяси қағидаларға негізделгенінде, қандай тетіктерді пайдаланғанында. Демократиялық мемлекеттерде бір партияның үстемдігі биліктің күшіне емес, демократиялық, интеллектуалдық, ұйымдастырушылық ресурстарға негізделініп, басқа партиялардың мүмкіншілігін шектемей, әділ сайлау, тең бәсекелестік арқылы мақсатқа жетудің жолдарын іздеу болады. Сол жолдың бірі – партияшілік демократия, өткір пікір алмасу, елдегі әртүрлі әлеуметтік топтар мүддесінің партия бағдарламасында орын алуы.

Отаршылықтың зардаптары тәуелсіздік алған мемлекеттердің дамуын тіпті күрделендіре түседі. Ұлттық құндылықтарға оралу, этностық, діни және мәдени әралуандылық, отарлаушы мемлекеттің үстемдігіне негізделген экономикалық және саяси жүйені реформалау жаңа бағытқа икемделуді қалайды. Сондықтан бір партияға басымдық беруге бұл елдерде сұраныс барлығы белгілі. Азаматтық қоғам жетілмеген тұста көптеген бастамалардың көзі мемлекеттің өзі болғандықтан, жаңару үдерісін бақылауды қолда ұстап отыруға да әуестік бар. Саяси партия қоғамдық қатынастарды реттеудің бір тетігі болады. Беделді, ұйымдасқан президенттік партиялар атқарушы билік пен елді байланыстырушы қызмет атқарады.

Ал кейбір елдерде басқа да сценарийлер орын алған. “Билік партиясы” басқа қоғамдық бірлестіктерді шеттетуге, болмаса тым “қамқоршы” болуға тырысып, қанатының астына алуға ұмтылатыны, көнбегендерді “бұзақылар” деп айыптайтындары белгілі. Ал көптеген шығыс мемлекеттерінде бір ғана партия ұдайы үстемдік етеді, қоғам парламент пен партияларды атқарушы билікке бақылаушы, бәсекелес биліктің тармағы деп қабылдамайды. Керісінше, олардың саяси жүйеге қажеттігін мойындағанымен, оны биліктің маңызды тірегі деп есептемейді.

Дегенмен, көптеген жас мемлекеттер бірпартиялық жүйені емес, басым бір партияны қолдайтын, бірақ көппартиялық жүйені таңдап отыр. Жас демократияларда бір партияға басымдық бермей, билікті екі, одан да көп партиялардың талапайына салу елдің шаңырағын шайқалтуға дейін апаратынын соңғы жылдардағы “түрлі-түсті” революциялар көрсетіп отыр. Сондай-ақ оппозициялық саяси күштерсіз саяси жүйе

ерте ме, кеш пе дағдарысқа ұшырайтынын тарихи тәжірибе дәлелдеген. Басымдыққа ие партия бәсекелестікке қабілеттілігімен ерекшеленуге тиіс, ал бәсекелестік өз кезегінде оған дем береді, стратегиясы мен тактикасын нақтылау мен дамытуға итермелейді. Бір партияның басымдығына негізделген жүйені қолдаушылардың көбеюінің себебі осында.

Бірақ бұл партиялық жүйенің осал тұстарын ескеруіміз де жөн. Азия, Латын Америкасы елдерінде белгілі бір топ қамқоршысы болып, жеке байланыстар жолымен партия қатарына пайдалы, ықпалды жақтастарды сұрыптау арқылы жеке жағдайларын жақсартып отырған. Сайлаушылар беделді, ықпалды адамдарға өз мәселелерін шешеді деп дауыс берген. Бұл жағдай көбіне ұлттық қауымдастық пен діни партияларға да тән. Жапонияның либералдық-демократиялық партиясының депутаттық фракция мүшелерінің 60 пайызға дейіні жергілікті елді мекендердің қамқоршысы болған. Депутаттар қаржы, пайдалы келісім-шарт, іскерлік жөніндегі мәліметтермен үнемі көмектесіп тұрған. Қамқоршы-клиенттік қарым-қатынас талай жемқорлық, жершілдік, саяси жанжалдар мен сот істеріне ұласқан. Сөйтіп, партияның беделі түсіп, әлсіреген жағдайлар да болғаны белгілі. Сондықтан соңғы кезде үстем партиялар прагматикалық саясат ұстанып, популистік уәделерге бармай, жергілікті кландарға тәуелді болмауға, жалпы мемлекеттік мақсаттарды қолдауға бейімделді. Түптің түбінде елдің бірлігі, саяси тұрақтылығы бәрінен де қымбат. Жапонияда 70-80-ші жылдардағы жемқорлыққа байланысты жанжалдар партия басшыларын алмастырумен аяқталды.

“Билік партиялары” мүмкіншілігінің жай-күйі оппозицияның бірігуіне әкелді. Сол Жапонияда 1993 жылы ұсақ партиялар бірігіп, үстем партияны ығыстырып, билікке келді. 1977 жылы Үндістанда “Джаната парти” Үндістанның ұлттық конгресі партиясын сайлауда жеңді. Осылай билік басындағы партиялардың алмасып тұруына жағдай жасалды.

Ал авторитарлық жүйеге негізделген үстем партиялар авторитаризмді одан әрі нығайтуды қалайды, өз билігін күшейтуге тырысады. Олардың елдің саяси жаңаруына қосатын үлесі жоққа жақын. Халық сайлаған президент пен президентті қолдайтын басымдыққа ие саяси партиясы бар парламенттің тұйыққа тірелетін қайшылықтарға ұшырауы екіталай. Бірақ басқа қауіп күшейеді: атқарушы билік пен заң шығарушы билік арасындағы тепе-теңдік жүйесі, билік тармақтарының бөлінуі бұзылып, оның бірінің күшеюіне әкеледі.

“Билік партиясы” дегеніміз оның атқарушы билік атынан заң шығарушы билікке ықпалы, атқарушы биліктің құрамын қалыптастыруға өз ықпалын тигізуші және оның саяси бағытына жауапты да күш. Үстем партиялар бәсекелестік ортада іс-қимылдарын дамыта отырып, қоғамды демократияландыруға, ішкі партиялық демократияны өрістетуге арқылы екі-үш басым партиялар жүйесіне эволюция жасауға да ұмтылады. Сайлаулардың әділдігі мен тазалығына

да кепіл болатын – “билік партиясы”. Халықтың қолдауына ие болған партиямен қатар оппозициялық партиялардың өсіп жетілуі, жеке адамдық факторлардың күшеюі не әлсіреуі мемлекеттегі партиялық жүйені плюралистік бағытқа ұластыруы мүмкін. ХХІ ғасырда жаңа әлемдік ахуал партиялар өміріне үлкен өзгерістер әкелетіні сөзсіз.

“Нұр Отан”: міндеттер мен мәселелер

Қазақстан дамудың өзі таңдаған жолына түсті. Ел халқына Жолдауында: “Біз мүлдем жаңа экономикалық жүйенің, демократиялық құқықтық мемлекеттің іргетасын қалыптастырып, осы заманғы қоғамдық институттарды нығайттық, өмір сапасы мен ұстындарын елеулі түрде өзгерттік”, – деді Н.Ә. Назарбаев.

Еліміздің күллі халқы, әлеуметтік топтары қолдап отырған саяси бағытты қуаттаушы партияға елде қажеттіліктің барлығы бұрыннан белгілі. Беделді партияның қолдауына Президент те мүдделі. Парламенттегі басымдыққа ие фракция Президентті қолдаған тұста көптеген күрделі мәселелер шешіліп, саяси жүйе іркіліссіз қызмет жасайды. Партия еліміздің Президенті Н.Назарбаевтың стратегиялық бағытын жүзеге асырушы, сабақтастықты қалыптастырушы да күш. Ондай сұранысқа лайықты “Отан”, кейін “Нұр Отан” атанған партия лайықты екені Мәжіліс, Президент сайлаулары тұсында дәлелденді. “Билік партиясы” деген шартты ұғым, билікті қолдағаннан партия бірден билік партиясына айналмайды. “Нұр Отан” партиясының қоғамымызда, Парламентте басым партия екені анық. Бұл жерде Қазақстан халқы үшін Президент Н.Назарбаевтың аса зор беделін, тарихи тұлғаның құндылығын айтқан жөн. Халықтың “Нұр Отан” партиясына Н.Назарбаевты қолдайтындықтан дауыс беретіні де анық. Ал осы партияның бағдарламасын қолдаймын деушілер саны Президентке қолдау білдірушілер санымен пара-пар бола бермейді. Демек, Президенттің орасан зор беделіне қарап, Үкімет те, Парламент те, “Нұр Отан” партиясы да қазірше дәл сондайлық беделді дей алмасақ керек. Партияның бүгінгі ұстанымы өте тиімді. Ол өзінің төңірегіне әртүрлі, тіпті қарама-қарсы бағыттағы әлеуметтік топтарды, сайлаушылар мен саясаткерлерді топтастыруға ұмтылып отыр. Бұл центристік ұстаным және өте оңтайлы бағыт. Бәсекелес оңшыл, солшыл ұсақ партиялармен күресуге, олардың ұстанымын әлсіретуге және өзінің басымдығын нығайтуға ыңғайлы. Басымдыққа ие партиялардың белгілі бір идеологиялық қағидаларға мойынсұнбауы да оны саяси күреске икемді етіп, әртүрлі идеологиялық қарсыластармен пікірталаста тиімді ұстанымды басшылыққа алуға бейімдейді. Партия бүгін қоғам мен мемлекет арасындағы келістіруші, сарапшы қызмет атқарады. Бір жағынан, қоғам талаптарын Үкіметке жеткізсе, екінші жағынан, Үкіметтің саясатын халыққа жеткізуші. Демократия дегеніміз тәуелсіз мүдделердің түйісуі. Ол мақсатқа тура жолмен де, бұралаң жолдармен

де қол жеткізу, икемді коалиция арқылы дау-дамайдың алдын алу, келісімнің кепілі болу партияның тактикалық шеберлігіне байланысты. “Нұр Отан” партиялық жұмыстың өркениетті жолдарын, саяси тәсілдерін игеріп жатыр. Бүгінде “Нұр Отан” партиясы имиджін көтеру үлкен мәселе екені белгілі. Партия Төрағасының міндетін атқарушы Б.Жұмағұловтың “Біз шетелдік тәжірибені үйренудеміз... Әр елдің жетекші партияларының ең озық жұмыс тетіктері мен тәсілдерін пайдалануымыз мүмкін. Партия қызметкерлерін шетелдерге оқуға және тәжірибе алуға жібереміз”, дегені өте орынды. Бүгін “Нұр Отанға” жай ғана Президенттің таңдаған жолын мақұлдайтын, насихаттайтын үгітші болу жеткіліксіз, біз оппозициядан деңгейіміз жоғары, қай жағынан да басым тұратын насихатшылар болуға тиістіміз.

XXI ғасыр партиялардың өміріне көптеген өзгерістер алып келді: дамыған капиталистік елдерде бүгін қоғам бай, орта, кедей болып жіктелуден күрделі, көп құрылымды әлеуметтік топтарға жіктелген қоғамға айналып, алуан түрлі мүдделер тоғысқан орта қалыптасуда. Партияларға дауыс беретін сайлаушылардың, сайлауға қатысушылардың саны азаюда. Оның басты себебі, сайланған органдардың билікке саяси және әлеуметтік ықпал жасап, азаматтардың жағдайларын жақсартатынына сенімсіздік бар. Еуропа елдерінде партияға сенім 10 пайыздан аспайды.

Ал посткеңестік кеңістіктегі елдердің күйі өзгеше. Бізде әлі де кедей топтар, әсіресе ауылдық жерде басымырақ. Киім, азық-түлік, баспана, әлеуметтік кепілдіктер туралы партияның бағдарламасы үкіметтің саясатына айналатын болса, ондай партияны қолдайтын халық баршылық.

Сонымен бірге тәуелсіздік және нарықтық экономиканың арқасында өмірге жаңа әлеуметтік топ – кәсіпкерлер келді. Оларды Н.Назарбаевтың ұрпағы десе де болады, себебі олар Президенттің қанатының астында қалыптасты. Кәсіпкерлер бүгін елдің тірегіне айналды, жемқорлардың озбырлығына төзбейді. Олар бүгін тар өрісті, экономикалық пайда ғана табу шеңберінде ойламайды, ұлтымыздың тілін, мәдениетін, діннің қадір-қасиетін бағалай бастады. Сондықтан олар шенеуніктердің, партиялардың жетегіндегі мардымсыз, түрліше саяси ойындардың құрбаны болғылары келмейді. Осы әлеуметтік топтың мүддесін қорғауда Парламентте фракциясы бар “Нұр Отан” партиясының мүмкіндігі мол. “Нұр Отан” халықтық партияға айналу үшін мемлекеттік қызметкерлермен, министр, әкімдермен қатар құрамына, басқару жүйесіне әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдерін тартқаны мақұл.

Партияның абыройына оның тым бюрократияланып кетуі, басшылар тобының партиядан тым оқшаулануы, әкімшілденуі көп зиян тигізетіні белгілі. Бұл туралы партияның соңғы конференциясында фракция жетекшісі Ә.Жолшыбеков орынды мәселе көтерді. Бұл барлық партияларға дерлік ортақ індет. Шынайы билік партияның өзінен оның

аппаратына көшіп, көзге түсе бермейтін “құпия көсемдер” партияның іс-әрекетін басқарып отыратындығы бүгін де қатты сыналып жатады. Партияны саяси мәшинеге айналдырудан біз де сақтануымыз керек. Қазір партия жұмысының ақпараттық технологиясы, партия мен электорат арасындағы қарым-қатынас әдістері өзгергенін ескерген жөн. Оппозициялық баспасөз де елде өзінше сұранысқа ие. Партиялар белсенділерінің, үгітшілерінің халықпен арадағы байланысын енді көбіне-көп электрондық ақпарат құралдары орындап жатыр. Интернет жүйесінің кеңеюі “электронды” мемлекеттік саясатқа азаматтарды көптеп тартады.

Бұқара үшін ақпараттың көзіне саяси технологтар, имиджмейкерлер, жарнама саласындағы мамандар, кеңесшілер айналды. Бүгін мыңдаған адамның қатысуымен митинг жасаудың, жиналыстардың, есіктен есік кезіп, пәтер аралайтын насихатшылардың заманы өтті деуге болады. Саяси партиялардың төңірегінде кәсіби саясаттанушылар, елге белгілі саясаткерлер жиналуда. “Нұр Отан” партиясы төңірегіндегі жұртты аузына қарататын саясаттанушы мамандардың тапшылығы ойландырса керек.

Партеология ілімі саяси партияларды түрлі жікке бөледі. Солардың ішінде “партия “хватай всех” деген партиялар да аталынады. Олар әркімге жармасып, партияға кіруге үгіттеуге әуес. Бұл, айналып келгенде, партияның сапалық деңгейін төмендетеді. 150 млн. халқы бар Ресейдің “Единая Россия” партиясының да, 15 миллионнан астам халқы бар Қазақстанның билік партиясының да 1 миллионға жуық мүшесі бар дегенде, сапа жөнінде ойлануға тура келеді. Партия басшылығының бұл мәселені де назарда ұстап отырғаны – құптарлық қадам.

Президент Н.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында әкімшілік реформаны іске асыру барысында мемлекеттік қызмет көрсетудің түрлері мен сапалы стандарттарының әзірленуі мен енгізілуін қамтамасыз етуді міндеттеді. “Мемлекеттік органдардың қызметі азаматтарға көрсетілетін қызметтің тиімділігі мен сапасы, мемлекеттік, салалық, өңірлік және бюджеттік бағдарламаларды іске асырудың нәтижесі ескеріліп, екшелуге тиіс,” – деп көрсетілген Жолдауда. Бүгін таңда мемлекет білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, кәсіпкерлік және басқа да салаларды халыққа қажетті қызмет көрсететін жүйеге айналдыруды қолға алды. Бұл мемлекет туралы тұжырымдаманы жаңартып, демократияның да мәнін өзгертеді. Демократия бұқара халықтың саясатқа тікелей араласуымен қатар, элитаның, саяси партияның қоғам үшін қызметінің өлшеміне, ал азаматтар сол саясаттың тұтынушысына айналады. Сөйтіп, саяси күрес, революция, қақтығыстардың алдын алу мүмкіндігі туып отыр. Осы жағдай саяси партияларды билікпен бірлесіп іс-қимылдар жасауға итермелейді. Батыста мұндай саясатты “айлакер демократия”, “қулық демократия” деп сынаушылар аз болмағанымен, ол мемлекетті іштей тұрақтандырушы фактор екені анық.

Жаңарған елімізде “Нұр Отан” сияқты елдің жүгін арқалаған партияларға қойылатын талап жоғары. Себебі ол Президентті қолдайтын партия, оның іс-әрекеті халықтың көз алдында. Бүгінде партияның ұйымдастыру жұмысы да күрделілене түсті. Мәселе еліміздің жетекші партияларының бірігуінен туындап отыр. Партияның саяси сахнадан кетуі, болмаса бірігуі оның мүшелеріне белгілі бір дәрежеде қиыншылық әкеледі. Қажетті мүмкіндікті енді “Нұр Отан” партиясы туғызуы керек. Республикалық, облыстық деңгейлерде съезд, конференциялар өткенімен, аудандық деңгейде, ірі кәсіпорындарда бірігудің саяси мәні жете түсіндірілмеген, жергілікті партия мүшелері ол туралы тек бұқаралық ақпарат құралдарынан білген. Оларға тек мүшелік жарналарыңды енді “Отан” партиясының есепшотына аударындар деген нұсқау келіп, ол бірқатар адамдардың ренішін тудырған.

“Нұр Отан” партиясының 26 наурызда өткен республикалық конференциясы Президент Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауына арналып, маңызды мәселелер көтерді. Сонымен бірге кейбір партия белсенділерінің сөздерінен саяси романтизмнің, билеп-төстеуге әуестік, үстемдік жүргізгісі келушілік байқалды. Үкімет мүшелерін парламенттік фракцияда тыңдау заңға қайшы емес. Ал жалпы атқарушы билікті бақылау заңмен қаншалықты үйлесетініне зейін қоя қарау керек. Конституциямыздың 5-бабының 2-тармағында: “Қоғамдық бірлестіктер ісіне мемлекеттің және мемлекет ісіне қоғамдық бірлестіктердің заңсыз араласуына... жол берілмейді”, делінген. Саяси партиялар қоғамдық бірлестіктердің ерекше түрі болғанымен, құқықтық жағынан заң шеңберінен шығуға негіз жоқ. Атқарушы билікті бақылау жүйелі, бірізді дағдыға айналса, заңдылық жағын айтпағанда, саяси партияның “мемлекеттеніп”, қоғамнан қол үзіп кетуіне әкеледі. Атқарушы билік пен жетекші партия Парламент пен маслихаттардағы партиялық фракциялар арқылы ғана өз саясатын жүргізіп отыруға тиісті.

Осы орайда конференцияда партия Төрағасының орынбасары Д.Назарбаеваның алдағы мәслихат сайлауларында “нұротандықтардың” айтыла беретін әкімшілік ресурстарға емес, өз күшіне, сайлаушылардың қолдауына ғана сенім артуы керектігіне көңіл аударғаны орынды болды. “Біздің республикамыздың ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуіне биылғы сайлау науқанының қорытындысы аз ықпал етпейді”, – деді ол. Бұл қауіптенудің астары терең. Әкімдердің, министрлердің партия мүшесі болуы тұтастай мемлекетті саясаттандыруға, мемлекеттік аппаратты билік партиясына қызмет жасатуға жол ашып, сайлауларға өз жағымсыз ықпалын тигізуі мүмкін. Партия олигархтарының бизнес олигархтары сияқты іс-әрекеттерге барғаны басқа елдердің тәжірибесінен белгілі.

“Деме көптің сөзі тұл”

Тұрақты демократия терең саяси мәдениетті, оппозицияның болуын, әділ сайлау, сөз еркіндігін ғана мойындайды. Басым билікке ие “Нұр Отан” партиясына балама күш, бәсекелестікке тұра алатын әкімшілік те, қаржылық та ресурстары жағынан тең әлеуеті бар партиялар жоққа жақын деген пікір жиі айтылады. Бірақ біздің электорат құбылмалы, кейбіреулер тіпті өзі мүше болған партияға дауыс бермейді. Президент сайлауынан басқа сайлаулар белгілі бір партияның өзінің тұрақты электораты бар дегенді көрсетпеді. Қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтардың жікке бөлінуі, қарама-қарсылығы партиялардың бетпердесін әлі алмай отыр. Сайлаушы кандидаттың тұлғалық қасиетіне, әлі де болса ұлттық, рулық, діни, жерлестік белгілеріне де көп мән береді. Бұл үрдіс саяси тұрақтылыққа да қауіп төнгізеді. Халықтың бір тобының желөкпе “көсемдерге” еріп кетуі қиын емес. Көпшілік тек ақылдылардан ғана тұрмайтыны белгілі. “Ақымақ көп, ақылды аз, деме көптің сөзі тұл”, – деп Абай айтпап па еді. Тобыр популистерге, терең ойға бармайтындарға сенгіш келетіні белгілі.

Сайлау рыногын алдын ала болжау қиындығын “Нұр Отан” партиясының жетекшілері терең сезінуде. “Соңғы кезде тұрғындардың партияға сенімі туралы аз айтылып жүрген жоқ, бұл мәселе кейде тым ұшқары бағаланады, – дейді Б.Жұмағұлов, – кейде субъективті сауалнамалардың нәтижелері, әрқилы пікірлер пайдаланылады. Объективтіктің өлшемі бұл жерде біреу: сайлау нәтижесінде партияға деген сенім мейлінше дәл көрсетіледі деп ойлаймын”. Еліміздегі басқа партиялар жұмылып, болашақ сайлауда билік партиясына қарсы бірлесіп күресетінін білдіріп жатыр. Бұл елімізде сайлау рыногының қалыптасып келе жатқандығын, кім де болса жеңісті қолдан бермейтіндігін аңғартып отыр.

Сонымен, басымдыққа ие билік партиясының еліміздегі көппартиялық жүйені дамытуға жаңаша қарқын беріп, саяси бәсекелестікті күшейтіп отыр. Демократияның ауыр да азапты, қиын да күрделі сабақтарын әр азамат, әр партия өз басынан өткізетін заман туды.

Бізде аты бар да заты жоқ партиялар көбейді. Қатарында 200-ден 300 мыңға дейін мүшелері бар партияларға жиырма мыңға жуық сайлаушы ғана дауыс беретін болды. Сонда партияның қалған мүшелері бар ма? Бар болса олар неге өз партияларына дауыс бермейді?

Басымдыққа ие партия бәсекелестікке қабілеттілігімен ерекшеленуге тиіс, ал бәсекелестік өз кезегінде оған дем береді, стратегиясы мен тактикасын нақтылау мен дамытуға итермелейді. Бір партияның басымдығына негізделген жүйені қолдаушылардың көбеюінің себебі осында.

Партия Төрағасының міндетін атқарушы Б.Жұмағұловтың “Біз шетелдік

тәжірибені үйренудеміз... Әр елдің жетекші партияларының ең озық жұмыс тетіктері мен тәсілдерін пайдалануымыз мүмкін. Партия қызметкерлерін шетелдерге оқуға және тәжірибе алуға жібереміз”, дегені өте орынды.

Еліміздегі басқа партиялар жұмылып, болашақ сайлауда билік партиясына қарсы бірлесіп күресетінін білдіріп жатыр. Бұл елімізде сайлау рыногының қалыптасып келе жатқандығын, кім де болса жеңісті қолдан бермейтіндігін аңғартып отыр.

Авторы: Амангелді Айталы, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, “Нұр Отан” партиясы фракциясының мүшесі.